

## **Қарағандылықтарға жергілікті атқарушы органдардың жұмысын жақсарту туралы айтылды**

Қарағандыда «Қазақстан мәслихаттары депутаттарының бірлестігінің» ұйымдастыруымен және «Қазақстан заңгерлерінің одағы» мен Қарағанды қалалық мәслихатының қолдауы бойынша жергілікті атқарушы органдардың жұмысын жақсарту мақсатында оқу семинары болды.

Парламент Сенатының депутаты, «Қазақстан мәслихаттары депутаттарының бірлестігінің» төрағасы Төлеубек Мұқашев құттықтау сөзінде бірлестік пен «Қазақстандық заңгерлер одағы» арасында бұдан бұрын меморандумға қол қойылғанын жеткізді. Сенатор сондай-ақ меморандум аясында барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында осындай семинарлар өтіп тұратынын атап өтті. «Мәслихаттармен тығыз жұмыс басталды. Депутаттарды оқыту жөніндегі жұмыстар қолға алынды. Мұндай семинарлар барлық аймақтарда өтетін болады», - деді ол.

Семинарда нормативтік-құқықтық құжаттарды біріздендіру мәселелері қаралды, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның жұмысын одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар айтылды.

Семинар жұмысына «Қазақстан заңгерлер одағының» төрағасы Серік Ақылбай, қалалық мәслихат және Қоғамдық кеңес мүшелері, сондай-ақ Абай, Осакаров және Бұқар Жырау аудандары мен Теміртау және Саран қалалары мәслихаттарының хатшылары қатысты.

**Қазақстан Республикасы Парламенті  
Сенатының Баспасөз қызметі**